

Әдебиеттер

1. Сабденов Қ.С., Абдуллаев М., Құлатаев Б.Т. Қой шаруашылығының технологиясы.- Астана: 2003.- 40б.
2. Любавский А.В. Гиссарские овцы. - Государственное издательство сельскохозяйственной литературы. Москва 1949. 51б.
3. Ермеков М.Ә., Голоднов А.В. Қазақстанның құйрықты қойлары.-Алматы:Қайнар,1977. 54-55б.
4. Әдекенов М., Нұрғалиев Ә. Етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығының рентабельділігі. -Алматы: Қайнар.- 1976. 70-72б.
5. Есаулова П.А., Литовченко Г.Р. Овцеводства.- Москва: 1963. 35-37с.

Искаков К., Султанова А.К., Кулатаев Б.Т., Жумағалиева Г.

ХАРАКТЕРИСТИКА ЖИЗНЕСПОСОБНОСТИ И ПЛОДОВИТОСТИ ТОНКОРУННЫХ ОВЦЕМАТОК И ИХ ПРИСПОСОБИТЕЛЬНЫЕ КАЧЕСТВА В УСЛОВИЯХ ЮГО-ВОСТОКА КАЗАХСТАНА

В статье приводится сравнительная характеристика жизнеспособности и плодовитости тонкорунных овцематок и их приспособительные качества в условиях юго- востока Казахстана.

Ключевые слова: казахская тонкорунна порода, овцематок, ягнят, осеменение.

Iskakov K., Sultanova A.K., Kulataev B.T., Zhumagalieva G.

CHARACTERIZATION OF VIABILITY AND FERTILITY OF FINE-WOOL EWES AND THEIR ADAPTIVE QUALITY IN A SOUTH EAST OF KAZAKHSTAN

The article provides a comparative description of the viability and fertility of fine-wool ewes and their adaptive quality in a south east of Kazakhstan.

Keywords: Kazakh fine-wool breed ewes, lambs, insemination.

ӘОЖ 637.5.04/.07

Искаков Қ., Сұлтанова А.К., Құлатаев Б.Т., Жұмағалиева Г.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ӨСІРІЛЕТІН БИАЗЫ ЖҮНДІ ҚОЙЛАРДЫҢ СОЙЫС НӘТИЖЕСІ

Аңдатпа

Мақалада салыстырмалы түрдегі биязы жүнді қойлардың қозыларының еті сапасының нәтижесі көрсетілді. Сонымен қатар қозылардың өнімділігінің экономикалық тиімділігі дәлелденген.

Кілт сөздер: Тірі салмағы, ұша салмағы, құйрық салмағы, іш май шығымы, сойыс шығымы.

Кіріспе

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, аса маңызды мақсат. Азық-түлік таулары 2014 жылға қарай ішкі рыногының 80%-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс, деп ерекше атап айтылған». Біздің елімізде осы күнге дейін қой шаруашылығында қойдың жүніне көп көңіл бөлініп келген. Осы саладағы өнімнің пайдасын 70-80% -ын құрайтын. Сондықтан да жүннің бағасы жоғары болып, осы өнімді шикізат ретінде өндіру көзделген, осыған орай қолда бар қой тұқымдарының санын көбейту үшін,

өнімділік деңгейлерін көтеру үшін, биотехнологиялық әдіспен шетелдік қой тұқымдарының мұздатылған шәуеттерінің тиімділігін арттыру көзделуде және еліміздегі қой шаруашылығын интенсивтендіру жоспарлануда.

Дүние жүзінің елдерінде үшінші мың жылдықтың басында 620-дан астам қой тұқымдары, 1.300 қой малы өсіріледі. Мысалы сапалы, өнімділігі жоғары қой шаруашылығы Австралияда (169 млн.), Жаңа Зеландияда (62 млн.), Ұлыбританияда (30 млн.) қалыптасқан, дегенмен соңғы он-он бес жылдың басынан ең алдыңғы қатарға Қытай (200 млн.), Үндістан (165 млн.), Аргентина, Оңтүстік Африка Республикасы, Түркия (50 млн.) шығып келеді. Бұл еңбекте алғашқы рет қазіргі заманғы биотехнологиялық әдістерді қолданып, қазақтың биязы жүнді қой тұқымы саулықтарына рамбулье, полипэй, суффольк, авасси және ост-фриз қошқарларынан алынған шәуіттерін пайдалана отырып, олардың салыстырмалы түрде қозыларының өсу, даму динамикасын, қарқынын, жүн ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері баяндалады, интерьерлік ерекшеліктері, олардың жүн өнімділігімен және қозыларының өсу, жетілу дәрежесімен байланысы нақты зерттеулермен дәлелденеді [1].

Биязы жүнді қой шаруашылығындағы селекциялық жұмыстар жуылған жүнді қыркуға, оның технологиялық қасиеттерін арттыруға, қойдың сапалы шайырын бекіте түсуге бағытталуда. Қазақстанның қой өсірушілері мен селекционерлері отандық және дүние жүзілік ғылыми жетістіктерін кеңінен пайдалана отырып, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін табыспен енгізуде. Соның негізінде қойдың қазіргі қолда бар тұқымдарын жетілдіру және өнімділігін арттыруда үлкен де жемісті жұмыстар жүргізілуде. Осыған орай біздің жүргізіп отырған ғылыми-ізденістеріміз етті-жүнді бағыттағы жаңа типті қазақтың биязы жүнді қойларының жүн өнімділігін, қанның биохимиялық көрсеткіштерімен байланысын зерттеуге бағытталған. Себебі, мал шаруашылығындағы іргелі зерттеулердің негізгі мақсаты қанның биохимиялық көрсеткіштерінің мал өнімділігіне, өсіп-өнуіне тигізетін әсерін зерттеу болып табылады. Сол себепті отандық қой шаруашылығын дамыту аясында «Р-Күрті» асыл тұқымдық шаруашылығында қолдан ұрықтандырудың тиімді жолдарын қарастыру және мұздатылып-ерітілген шетелден әкелінген шәует арқылы ұрықтандыру [2].

Зерттеу әдістемелері мен материалдары

Ғылыми-зерттеулер Алматы облысы Жамбыл ауданының «Р-Күрті» асыл тұқымды шаруа қожалығында жүргізілді. Төлдердің ет сапасын анықтау үшін 4-4,5 айлық қозыларға және 18 айлық гиссар, еділбай және қазақтың биязы жүнді қойларынан алынған будандарға бақылау сою жүргізілді. Ұша құрамын ВИЖ (қой еті өнімділігін зерттеу, 1970 ж, 43 б.) әдістемесі бойынша тексерілді. Биометриялық өңдеу жұмыстары Е.К.Мерькурева (1970) сонымен қатар Microsoft Excel бағдарламасы бойынша жасалды.

Зерттеу нәтижелері

Шетелден әкелінген рамбулье, полипэй, суффольк, авасси және ост-фриз қошқарларының шәуетін жергілікті «Р-Күрті» асыл тұқымдық шаруашылығындағы іріктеліп алынған, конституциясы стандартқасай келетін қойлармен ұрықтандырып, соның нәтижесінде алынған қозылардың бағалылығын арттыру [3].

Құйрықты қой ұшаларының басты ерекшеліктері – бұлшық еттері жақсы жетіледі, биологиялық және тамақтық құндылығы жоғары. Құйрықты қой қозылары мен тоқтыларын өсірудің қарқынды технологиясын қолдану және бордақылау арқылы оларды 4 айлығынан бастап кез-келген жас кезеңінде етке союға болады.

Тірілей салмақ мөлшері ет өнімділігінің бірден-бір көрсеткіші болып саналады. Малдың тірілей салмағы неғұрлым жоғары болса, ұшаның да салмағы ауыр болады. Сондықтан ет өнімділігін зерттеген кезде ісектің ет жасақтау өлшемі сойыс шығымының мөлшеріне қарай анықталады.

Еркек тоқтылардың салмағына байланысты сойыс көрсеткіштері де әртүрлі болған. Етті-майлы бағыттағы қойларды өсірудегі негізгі міндет жоғары сапалы қозы етін өндіру болып табылады [4].

Малдың еттілігі негізінен мынадай төмендегі көрсеткіштермен сипатталады: тірілей салмағы, ұшасының салмағы және шығымдылығы, құйрығының салмағы және шығымдылығы, күйі мен бұлшық еттерінің жетілуі, сойыс салмағы мен шығымы, бұлшық ет, май мен сүйектерінің үлес мөлшері, еттілік коэффициенті, т.б. көрсеткіштері.

4,5-5,0 айлық I топ, II топ және III топ будан тобын салыстыратын болсақ, (1 кесте) тірілей салмағы бойынша III топ будан тобынкі 42,5 кг-ға тең, гиссар тобына қарағанда 1,0 кг-ға жоғары. Ал, I тобынан 5,5 кг-ға жоғары екенін байқадық. Ұша салмағы бойынша да будандікі жоғары екі топтан да 1 және 4,5 кг-ға жоғары болды. Құйрық салмағы бойынша 0,14 және 0,70 кг-ға жоғары. Іш май шығымы бойынша III топ будандар 0,05 және 0,16-ға жоғары болды. Сойыс шығымы бойынша салыстырсақ, III топ будандар 0,9-ға және 5,4 кг-ға жоғары.

18 айлық көрсеткіштері бойынша тірілей салмағын салыстыратын болсақ, будандар 2,37 және 13,65 кг-ға жоғары болды.

2010 жылы 1 млрд. 67 мың қой болса, ал Қазагроменкетингтің 26.04.2012 жылғы мәліметінде Қазақстанда 01.01.2012 жылға 15 397 900 бас қой болса, Оңтүстік Қазақстанда 3 389 400 бас қой бар екен. Қазақстанда 2011 жылы 149,5 мың тонна қой еті өндірілсе, оның 369 тоннасы ғана Иранға сатылған, ал 1990 жылы Қазақстанда 35,6 млн. қойдан 285,8 мың тонна ет өндірілген екен.

Қазіргі таңда Қазақстанда барлық қойдың 1959 мың басы яғни 12,7%-ы асыл тұқымды малға жатқызылған. Оның ішінде: қылшық жүнді 44% – 861,2 мың бас, жартылай қылшық 10,6 % – 207,1 мың бас, биязы жүнді 28,8% – 865,1 мың бас, жартылай биязы 4,5 % – 88 мың бас, қаракөл 12,1 % – 237,7 мың бас екен.

Қазақстанда жан басына шаққанда жылына 8 келі ет жеп, әлемде 5-орында тұрамыз, ал Ресей 0,9-1,0 келі қой етін жейді екен. Бізде қой етін көбейтіп сыртқа шығарамыз десек онда жылына 24 мың тонна қой етін қажет ететін Иран мен 13,3 мың тонна ет жейтін Ресейге және 76 мың тонна ет жейтін Қытайға сату тиімді еді. Өзге елдердің алыстығына байланысты тасымалдаудың шығыны көп болған соң әзірше тиімсіз деп ойлаймыз. Ал енді алдағы жылдарда қой еті көлемін 190 мың тоннаға және асыл тұқымды мал үлесін 12,7%-дан 23,3%-ға жеткізу үшін не істеу керек?. Біріншіден, мал тұқымын асылдандыру жұмысында түбегейлі бет бұрыс жасап, етті-жүнді бағыттағы қой өсіруді қолға алу керек. Мысалы, оңтүстікте қылшықты және жартылай қылшықты 1 миллионнан асатын қойдың орташа салмағы қошқарлары 85 келі тартса, саулықтары 50 келіден аспайды.

Осылардың 800 мың басының әр басынан 15 келі ет кем алғандықтан жылына 12 мың тонна ет жоғалтамыз. Сондықтан алдағы кездерде жергілікті саулықтарды шетелдік мол ет және сапалы жүн беретін тұқымдық қошқарлармен будандастыру арқылы жергілікті жерге бейімделген жаңа тұқым шығару ісін Үкімет қолдап, қаржылай көмек көрсетсе біз жақсы нәтижеге жетеміз, жемазық қорын жасау жөніндегі мәселелер бар.

Қазіргі кезде мемлекет тарапынан жасалып жатқан мал шаруашылығын қолдау саясаты саланың дамуына мүмкіншілік жасауда. Бірақ малдың генетикалық әлуеті әлі де төмен деңгейде және арнайы іс-шараларды жүзеге асыруды талап етеді. Оның ішінде технологиялық және селекциялық жұмыстың тиімділігін арттыру қажет.

Осыған орай, еліміздің етті бағыттағы қой шаруашылығын уақыт үдеріне қарай дамыту мақсатында Ауыл шаруашылығы министрлік осы салаға арнап бағдарлама әзірлеуде.

Ал 4,5-5 және 18 айлық қозылардың бақылау сою нәтижелері 1-кестеде көрсетіліп отыр.

Кесте 1. 4,5-5 және 18 айлық қозылардың бақылау сою нәтижелері

Көрсеткіштер	Топтар		
	КТ	КТхАВС	КТхР
4,5-5,0 айлық			
Тірі салмағы, кг	37,0	41,5	42,5
Ұша салмағы, кг	16,0	20,5	21,5
Құйрық салмағы, кг	3,14	3,74	3,84

Іш май шығымы, кг	2,33	2,44	2,49
Сойыс шығымы, %	53,1	57,6	58,5
18 айлық қойлар			
Көрсеткіштер	топтар		
	КТ	КТхП	КТхР
Тірі салмағы, кг	56,0	67,28	69,65
Ұша салмағы, кг	23,98	24,10	26,41
Құйрық салмағы, кг	4,80	5,17	4,82
Іш май шығымы, кг	0,50	0,690	0,790
Сойыс шығымы, %	53,3	43,7	50,30

І-кестедегі көрсеткіш мәлеметтеріне қарай, ұша салмағы бойынша салыстыратын болсақ, ІІ және ІІІ топ будандардікі ІІ топтан 2,31 және 2,43 кг-ға жоғары. Құйрық салмағы бойынша ІІ топтікі жоғары 5,17 болды. Яғни, 0,35 және 0,33-ке жоғары. Іш май шығымы бойынша 0,190 және 0,240-қа жоғары болды. Сойыс шығымы бойынша ІІІ топ будандардікі 50,30, ІІ топтан 43,7 және І топтан 53,3 пайызға тең болды.

Ал, үшінші кесте бойынша 4,5-5,0 айлық қозылардың ішкі мүшелерін салыстыратын болсақ, бұнда да буданның көрсеткіштері басым түскенін байқаймыз. 18 айлық жасы бойынша салыстыратын болсақ, жүрек, өкпе бойынша ІІ топтікі басым. Ал, бауыр, көк бауыр, ұлтабар, қатпаршақ бойынша І топ тұқымынікі жоғары болды. Аққан қан, тоқішек, қарын бойынша ІІ топтікі басым түсті. Аш ішек, жұмыршақ, қатпаршақ бойынша будандікі жоғарғы көрсеткішке ие.

Әрбір өнімділік бағытында өсірілетін қой тұқымдарын бағалаудағы объективті өлшем бірлігі, оның экономикалық тиімділігі болып табылады және одан өндірілген өнімінің еркін баға құрылуы жағдайындағы базардың сұранысына байланысты болады. Экономикалық тиімділік – «Р-Күрті» асыл тұқымдық шаруашылықта өсірілетін қазақтың биязы жүнді қойы тұқымынан өндірілетін ет және жүн өнімділігін сатудан түскен жалпы кіріс арқылы анықталды.

Қорытынды

Біздің келтірілген сандық мәліметтерімізге қарағанда, тәжірибеге алған тоқтылардың тірі салмақтары бойынша орташа көрсеткіштері 51,8 кг құрап жеткілікті дәрежеде жоғары болған.

Қой етін сату кезінде де тоқтылардың ұша салмағы орташа есеппен 24,1 кг құрап, бір бастан түскен барлық ақша 15211 тг болды, сол сияқты бір бастан қырқылған жүн түсімі 4,9 кг құрап, жүн сатудан түскен ақша 1165 тг болды.

Жалпы, ет пен жүн сатудан түскен қаражатқа анықтама беретін болсақ, барлығы 15174 тг қолға тиеді.

Жалпы «Р-Күрті» асыл тұқымдық шаруашылықта қой өсірудің рентабельділігі 78,5 % құрады.

Әдебиеттер

1. Ермеков М., Көптілеуов Т. Еділбай қойы. Алматы-1982 ж.
2. Фарсыханов С. Гиссарская порода овец. Душанбе-1981 ж.
3. Сабденов Қ.С., Абдуллаев М., Құлатаев Б.Т. Қой шаруашылығының технологиясы.- Астана: 2003. 40б.
4. Майтқанов Н., Бұрамбаева Н.Б., Смағұлова Г.А. Еркек тоқтылардың салмағына байланысты сойыс көрсеткіштері. -Алматы. /Жаршы 1994. 52-54 б.

Искаков К., Султанова А.К., Кулатаев Б.Т., Жумагалиева Г.

РЕЗУЛЬТАТЫ УБОЯ ТОНКОРУННЫХ ОВЕЦ РАЗВОДИМЫХ В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

В статье приведены результаты сравнительного изучения мясных качеств ягнят тонкорунной породы овец и их помесей. При этом доказана эффективность производства ягнятины путем промышленного скрещивания.

Ключевые слова: живая масса, масса туши, выход внутренний жира, выход убоя.

Iskakov K., Sultanova A.K., Kulataev B.T., Zhumagalieva G.

RESULTS SLAUGHTER TONKORUNNOJ BREEDS OF SHEEP ARE RAISED IN ALMATY REGION

In the article were shown the results of, researches of production effectively of sheep with, eating. In the article were presented the results of the compared studies, meat lambs of half-thin pedigree sheep with thin lambs. In the also there were proved the effectiveness of lambs production trough industrial with feed up.

Keywords: live weight, carcass weight, yield the internal fat, yield slaughter.

УДК 636.32/38.082

Искаков К., Султанова А.К., Кулатаев Б.Т.

Казахский национальный аграрный университет. г. Алматы

ПОВЫШЕНИЕ ВОСПРОИЗВОДИТЕЛЬНЫХ КАЧЕСТВ МАТОК ТОНКОРУННЫХ ОВЕЦ РАЗНОГО ВОЗРАСТА, РАЗВОДИМЫХ В УСЛОВИЯХ П/Х «Р-КУРТЫ» АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Аннотация

Использование передвижных пунктов искусственного осеменения маток, применение ОЦС и молочных разбавителей спермы, лазерная биоактивация обеспечивает экономию финансовых средств и повышение рентабельности овцеводства на 26-42% по сравнению с традиционным способом ведения отрасли.

Ключевые слова: тонкорунное овцеводство, ярки, баранчики, отбор, подбор.

Введение

Развитие овцеводства, увеличение объемов и качества продукции должно опираться на интенсивные и рациональные технологии ведения отрасли в условиях фермерских хозяйств и использование генетического потенциала как отечественных, так и зарубежных пород овец, на основе создания оптимальных условий выращивания.

На современном этапе развития животноводства только высокий уровень и качество продуктивности разводимых пород способны обеспечить перспективность развития отрасли и ее конкурентоспособность на мировом рынке.

В овцеводстве тонкорунного направления актуальной проблемой является повышение его эффективности путем рационального использования специфической комбинации генетического потенциала имеющихся тонкорунных пород и создание на этой основе перспективных популяций, сочетающих высокую мясную и шерстную продуктивности с ценными приспособительными свойствами импортных овец.